

Ия, ғалымдық ғибраты мол, адами қасиеттері айрықша ұстазымның тұлғасы уақыт өткен сайын көз алдымда биіктеп барады. Бәлкім, «Жақсының аты, ғалымның хаты өшпейтінін» нақтылап айтқан ұлы халқымыздың даналық ойының бұл да бір дәлелі болса керек.

Профессор Ш.Сарыбаевтың аузынан мынадай қызық әңгіме естігенім бар: «Мәкең екеуміз бір жаққа баратын болып, машина ұстадық. Екеуміз таксиде келе жатып, таксиске асығыс екенімізді ескертіп, тезірек жүруін өтінген едік. Бірақ кейде таксистердің де қызық мінезі болатыны белгілі ғой. Кімсіңдер, соншалықты дегендей кейіп танытты. Сонда мен қарап отырмай: «Ай, балам, мектепте

қазақ тілін оқып па едің? Сонда М.Балақаев деген есімді естіп пе едің? Мына кісі сол Мәкең болады», – дедім. Сонда таксист: «Ол кісіні естіп білгенім болмаса, көрген емес едім», – деп, жайлап бір қарап алды да, көңілді түрде: «Болды! Мен қазір ғана емес, бүкіл қала бойынша қайда барамын десеніздер де сіздерді алып барамын», – деді. Мәкеңнің «Ана тілін» бір жыл оқыған жай таксистің өзі оған осылай үлкен құрмет көрсетіп еді. Ал ол кісінің алдын көрген, жақсылығын сезінген жандардың Ұстаз ұлағатына бас имеуі мүмкін де емес! Ұстаз жолы шәкірттер арқылы жалғаса береді...

1. Т. Сайрамбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. Алматы «Арыс» 2010 жыл. 608-6012 беттер.

Талгат Сайрамбаев. Учитель-наставник и его ученики.
Talgat Sayrambaev. Teacher, mentor and his students.

Ф.ғ.д., профессор Т. Сайрамбаев

ТҮЛҒА. ЖАР. АНА

Бізге осы уақытқа дейін, қоғам қайраткерлері немесе халқымызға белгілі болған тұлғалар тек ертеректе өткен сияқты болып көрінетін. Бірақ қатар қызмет атқарып, сыйлас, дастархандас болып жүрген кісілердің ішінде ерекше тұлғаларды алыстаған сайын басқаша көзқараста бағалайтынымыз өмір заңдылығы.

Соның бірі – Мәкең, Мая Мұхамедқызы Кеңестік дәуірдің ащысын да, тәттісін де татқан кісі. Ғалым ретінде ҚСРО-ның бас қалалары Мәскеу мен Ленинградта жоғары білім алып, аспирантураны тәмамдаған. Яғни ғылым жолын аттаған басқышы мықты. Кейін ғылым кандидаты, ғылым докторы дәрежесіне жеткен соң барлық қызметі қазақтың маңдайалды оқу орны КазМУ-ге арналды.

Ұстаздық жұмыс барынша қарапайым, барынша тынымсыз, барынша талапшыл жұмыс болса, сол биіктен Мәкең жарқырап көрінді. Өз мамандығына лайық қазақ жерінің Жетісу аймағы қазақтарының жан-дүниесі – өлең-жырын хатқа түсіріп, бірнеше монографиялық еңбектер жазды, фольклорлық ансамбль құрып, республикаға танытты. Ол ұлттың да аяулы кісісі дәрежесіне көтерілді. Сыйламағанда қайтеді «Сөзіңді біреу сөйлесе...» деген

дей, ұмыт болып бара жатқан ән-жырын жас ұрпақтарына қайтарып берсе.

Мәкең қызметтес әйелдері арасында беделді саяси-әлеуметтік жұмыс атқарды және өз мамандығын дамытуда республикамыздың оқу орындарының ешбірінде кездеспейтін ғылыми-зерттеу лабораториясын құрды. Бұл лабораторияның бағдарламасы мен ауқымы КСРО-ның беделді университеттері лабораториясымен тең деңгейде болды. Осы лабораторияның негізінде филология факультетінде орыс әдебиеті мен фольклорынан кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын кеңес ашу ісі де Мәкеңнің бастамасымен әрі қажырлығымен ашылды.

Мәкең факультет өмірінде аса беделді қызмет атқарды. Ғылыми кеңестің небір тартысты қиын-қыстау сәттерінде өзіндік шешімді пікірлерімен, тұжырымдарымен іс-шаралардың тиімді және нәтижелі шешілуіне өрелі ой тастап отыратын. Көпшілік қауымның кейде келіспеске шарасы қалмайтын. Өйткені әдіс іс – керек іс.

Еліміз егемендік алып, ақты ақ, қараны қара деп айта бастаған кезімізде факультетте Мәкеңе арналған бір жиында (мерейтойында): «Сіздер мені көктен түскендей үнемі біржақты

жақсы пікірмен, жақсы лебізбен бағалайсыздар», - дей келіп, өзінің Карлагтағы балалық шағын, ата-анасының көрген зұлматын сабырлы қалыпта толқи тұрып айтқан естеліктерін естіген жұрт «әй қарғыс атқыр зұлмат жылдар-ай» деп, көздеріне жас алып, бүгінгі егемендігіміздің қадіріне жеткендей толғаныста болған еді.

Мая Мұхамедқызын 1954 жылдан білемін. Бұл кісі маған әкпеміз жағынан (Өмекеңнің ағасы) карағанда жеңге болатын. 1961 жылдан бастап Мәкең мен Өмекеңнің ағалық-туысқандық қамқорлығын көрдім.

1971 жылы ҚазМУ-ге осы кісілердің ықпалымен конкурс арқылы оқытушылық қызметке орналастым. Алматыға көшіп келіп, отбасыммен қаланың бір шетінде пәтер жалдап тұрдым. Көрген жерде үй-жағдайымызды, балаларды сұрап, көңілімді көтеріп тастайтын. Дүниеге келген балама өзіміз ағасына ұйқас етіп ат қоя салғанбыз. Бірде Мәкең жолығып амандық-саулық сұрасқан соң, балама «Құтты болсын» айтып, «Атын кім қойдыңдар?» деді. Мен өзіміздің қойған атымызды айттым. Сол кезде аса бір жақындығын білдіріп: «Біз неге қоймадық» дегендей ишара білдірді. Сол сәт есімде қалғаны сондай, енді балалы болсам осы кісілерге ат қойғызам деп армандап жүрдім. Кейінірек қызым дүниеге келгенде атын ардақты Мәкең қойып, Өмекең екеуі шаңырағымызда отырып батасын беріп еді.

Туған-туысқа аса мейірімді жан – аяулы Мәкең маңайындағы жақын-жуығына аса талапты да кісі болды. Кейде анау-мынау алып-қашпа сөз естісе, қасына шақырып алып: «Бұл не сөз, не мәселе? Ал өкпелеме, Өмекең айтатын» дейтін. Бірақ әрине айтпайтын. Біз қипақтап қашан «сөгіс» аламыз деп өзіміздің іс-әрекетімізге жауапкершілікті күшейтіп жүретінбіз.

Негізінде Мәкеңмен 1971 жылдан бастап бірге жұмыс істеу мен үшін әрі бақыт, әрі мектеп десем де болғандай. Факультет өмірі жан-жақты өмір. Оның күнделікті істелетін жұмысы да шаш-етектен. Осы бірге қызмет атқару барысында мен Мәкеңді жан-жақты тұлға деп таныдым.

Сондай қыруар жұмыстармен қатар Мәкең жанұя бақытын жоғары ұстап, өзінің аналық мейірімін негізінен отбасына арнады.

Өмекең – Өмірбек Жолдасбеков пен Мәкең – Мая Бағызбаева екеуі бір тұлға. Сонау елден жырақ Мәскеу жерінде қол ұстасып қосылған қос қарлығаш туған елі Қазақстанның ғылым-білімін көтеруде, ұлттық кадр даярлау ісінде ағайын-туысты қанатының астына алып жетілдіруде теңдесі жоқ жұмыс атқарды. Соның бірі – біз. Алматыға келу, ҚазМУ-де қызмет атқару, ғылыми іске араласуда сол кісілердің ықпалы өте жоғары деп білемін.

Өмекең мен Мәкең берекелі, бақытты отбасын құрды. Үлгілі ұлын, қырмызы қыздарын өз атақтарына сай тәрбиелеп өсірді. Балалар әке-ана жолын қуды. Халқымыздың «Әкеден ұл туса игі еді, әке жолын қуса игі еді» - деген арманы орындалып, ұрпағы ғалым да, ұстаз да болып елге қызмет етуде.

Қазір Алматының ең көрікті «Самал» ықшамауданында академик Өмірзақ Арсыланұлы Жолдасбеков атындағы жаңа, әрі сәнді көше бар. Көше десе – көше. Әрі сол кісілердің көңілі сияқты кең де көрікті. Бір жағынан әлемдік деңгейде салынған «Рамстор» сауда орталығы, бір жағы – орталық мұражай, алды – Елбасының Ақ сарайы мен әсем Алатау. Бұл жерден өткен Өмекең мен Мәкеңді білетін әрбір кісі бұл аяулы жандарды еріксіз еске алып, Мәңгі бірге болған одақтарына тілек-рәсім жасап өтеді.

Мәкең Өмекеңнің аяулы асыл жары, досы, жанашыры және қатал сыншысы да болды. Солай болуы да заңды. Ал Өмекеңнен соң бар тірлігін тек сол кісінің еңбегіне қорытынды жасауға арнады, Өмекеңе жетуге асықты. Астанадағы, Алматыдағы үйі қабырғасына ескерткіш тақта орнатып, ардақтап Ас беріп, теледидарға ол кісі жайлы ғылыми-танымдық сұхбат ұйымдастырды. Барлық шаруаны реттеп, асыл жары Өмекеңмен мәңгі бірге болу үшін аттанып кете барды...

Құрметті Мәкеңнің – Мая Мұхамедқызы Бағызбаеваның ғалымдық, ұстаздық, аналық ісі жалғаса береді.

1. «Мая Бағызбаева» атты өмірбаяндық кітаптан. Алматы, «Арқас», 2002 жыл. 37-39 бет.